№ 02-33
«22» сәуір 2019 жыл

Қызылорда облысы бойынша
ішкі мемлекеттік аудит
департаментінің басшысы
Ғ. Қалиевке

«Азаматтардың бастамаларын
қолдау қоры» қоғамдық қорының
төрағасы А. Елшібектен
БСН: 190240001180
Тел.: 8-747-305-60-91

Құрметті Ғанижан Пірмазаұлы!

«Мемлекеттік сатып алу» туралы заң шеңберінде **goszakup.gov.kz** электронды веб-портал арқылы **№ 3203866-1** санды жарияланған әлеуметтік жобалар конкурсының қорытынды хаттамасымен «Азаматтардың бастамаларын қолдау қоры» қоғамдық қоры келіспейді.

Себебі **№ 3203866-1** санды конкурсының комиссия мүшелері «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы» 2005 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 4-1 бабының 5-1) тармақшасына сәйкес әзірленген және үкіметтік емес ұйымдар көрсететін қызметтердің сапасына, шарттарына, мазмұнына қойылатын талаптарды, сондай-ақ олардың сапасына бағалау өлшемшарттарын белгілейді – деп көрсетілген.

Сондай-ақ, **№ 3203866-1** санды конкурсы Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрінің 2018 жылғы 15 тамыздағы №19 бұйрығына сәйкес құжаттар топтамасын өнім беруші мердігер мекемелер тиісті талап бойынша ұсынылмаған құжаттарды қағиданың 233-тармағында көзделген критерийлердің салыстырмалы мәнін қолдану нәтижелері туралы тиісті құжаттар ұсынбасада комиссия мүшелері қызығушылық танытып кейбір өнім берушілер үшін қызығушылық танытып, бағалау кретерийлерін жоғары мәнде бағалап, заң бұзушылыққа жол берген.

Бұл ретте, **№ 3203866-1** санды конкурсқа қатысушы өзге өнім беруші тараптың құқықтарының бұзылуына жол беріп отыр. Атап айтқанда, «Мемлекеттік сатып алу» туралы заң шеңберінде **goszakup.gov.kz** электронды веб-портал арқылы **№ 3203866-1** санды жарияланған әлеуметтік жобалар конкурсы ешқандай өнім берушіні алаламай әділ өтуі тиіс, әрі Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрінің 2018 жылғы 15 тамыздағы №19 бұйрығы негізінде ұсынылған мекеме құжаттары конкурсқа жіберіліп, әділ өтілуі тиіс еді.

Алайда, комиссия құрамы қызмет бабын асыра пайдаланып, Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрінің 2018 жылғы 15 тамыздағы №19 бұйрығын бұзылуына жол беріп отыр.

Осы ретте, «Мемлекеттік сатып алу» туралы заң шеңберінде **goszakup.gov.kz** электронды веб-портал арқылы **№ 3203866-1** санды жарияланған әлеуметтік жобалар конкурсының комиссия құрамы қызмет бабын асыра пайдаланып, әділ шешім шығарылмауына және өзге мердігер мекемелердің құқықтарының бұзылуына байланысты **№ 3203866-1** санды конкурсын қайта жариялануына ықпал етуіңізді сұраймыз

«Азаматтардың бастамаларын қолдау қоры»
қоғамдық қорының төрағасы электронды қол қойылды **А. Елшібек**